

№48 (20 913)
4 желтоқсан,
2025 жыл, бейсенбі



Атырау

Облыстық қоғамдық-саяси газет

- Atyrau.gazeti
- atyrau_gazeti@mail.ru
- Атырау газеті
- www.atr.kz
- «Атырау» газеті
- atyrau_gazeti
- Atyrau_news
- Атырау жаңалықтары

**Энергетикалық қауіпсіздік*

Қолдан жасалған қиындық



ҚАЗЫНАЛЫ АТЫРАУ ҮШІН ТҰРАҚТЫ ЖЫЛУ МЕН ҰЗДІКСІЗ ЭЛЕКТР ЭНЕРГИЯСЫ ТҰРМЫСТЫҚ ҚАЖЕТТІЛІК ҚАНА ЕМЕС, ӘЛЕУМЕТТІК ҚАУІПСІЗДІК ПЕН ЭКОНОМИКАЛЫҚ ТҰРАҚТЫЛЫҚТЫҢ БАСТЫ КЕПІЛІ. ДЕСЕК ТЕ СОҢҒЫ АЙЛАРДА БҰЛ ҚАУІПСІЗДІККЕ АЙТАРЛЫҚТАЙ ҚАУІП ТӨНГЕНІ БАЙҚАЛАДЫ. СЕБЕБІ «АТЫРАУ ЖЫЛУ ЭЛЕКТР ОРТАЛЫҒЫ» АҚ-НЫҢ ТАБИғИ ГАЗҒА ҚОЛ ЖЕТКІЗУ ТЕТІГІ ТҮБЕГЕЙЛІ ӨЗГЕРУІ МҮМКІН.

(Толығырақ 9-бетте)

**Заң және Тәртіп*

Атыраудың ШЕРЛОК ХОЛМСЫ

ОБЛЫСТЫҚ ПОЛИЦИЯ ДЕПАРТАМЕНТІНІҢ АСА МАҢЫЗДЫ ІСТЕР БОЙЫНША АҒА ТЕРГЕУШІСІ, ПОЛИЦИЯ МАЙОРЫ ТЕМІРХАН ХАЖМҰРАТОВ БҮГІНДЕ ЕҢ ТӘЖІРИБЕЛІ МАМАНДАРДЫҢ ӨЗІ ЖҮРЕКСІНЕТІН ҚЫЛМЫСТАРДЫҢ ТҮЙІНІН ШЕШІП ОТЫР. 28 ЖАСТАҒЫ ТЕРГЕУШІ ҚОҒАМДЫ ДҮР СІЛКІНДІРГЕН ІСТЕРДІҢ СОТҚА ЖЕТУІНЕ, ӘДІЛ ШЕШІМ АЛЫНУЫНА СЕБЕПШІ БОЛДЫ.

(Толығырақ 6-7-беттерде)



**Нысана*

ІРГЕСІ СӨГІЛГЕН ЖАҢА ҮЙ

МЕМЛЕКЕТТІК БАҒДАРЛАМАМЕН САЛЫҢҒАН ҮЙЛЕРДІҢ САПАСЫНА ҚАТЫСТЫ ДАУ КҮННЕН-КҮНГЕ УШЫҒЫП БАРАДЫ. ХАЛЫҚҚА ҚУАНЫШ СЫЙЛАУЫ ТИІС БАСПАНАЛАР БҮГІНДЕ ҚОРҚЫНЫШ ПЕН КҮМӨННІҢ ОШАҒЫНА АЙНАЛҒАНДАЙ. ҚАБЫРҒАСЫ ҚАҚ АЙЫРЫЛЫП, ІРГЕТАСЫ ОЙЫЛЫП, ЖЕЛ ТҰРСА ҚҰЛАҒАЛЫ ТҰРҒАН ҮЙЛЕРДІҢ ЖАЙЫ – ӘЛЕУМЕТТІК ЖЕЛІЛЕРДІҢ ДЕ, РЕСМИ ОРГАНДАРДЫҢ ДА БАСТЫ ТАҚЫРЫБЫНА АЙНАЛЫП ОТЫР. ТҰРҒЫНДАР БҰЛ ЖАҒДАЙҒА БАЙЛАНЫСТЫ ДАБЫЛ ҚАҒЫП, АЛАҒДАУШЫЛЫҚ БІЛДІРУДЕ. АЛ ОЛАРДЫҢ ЖАНАЙҚАЙЫ ҚҰРЫЛЫС САПАСЫНА ЖАУАПТЫ МЕКЕМЕЛЕРДІҢ, БАҚЫЛАУШЫ ОРГАНДАРДЫҢ НАЗАРЫНА ҚАНШАЛЫҚТЫ ЖЕТІП ЖАТЫР?

(Толығырақ 8-бетте)



Суретті түсірген Ерлан АЛТЫБАЕВ

**Құрмет*

«Ақ ерке – Ақ Жайық»

«АҚ ЕРКЕ – АҚ ЖАЙЫҚ»... БҰЛ БІЗДІҢ АТЫРАУДА ҚАЛАНЫ ҚАҚ ЖАРЫП, ҚОС ҚҰРЛЫҚТЫҢ ШЕКАРА СЫЗЫҒЫН ӨЛЕМГЕ ӘЙГІЛЕП АҒЫП ЖАТҚАН ЖАЙЫҚ ӨЗЕНІНЕ АРНАЛҒАН СЫРЛЫ ДА САРЫНДЫ ӨН. ӨН ЕМЕС-АУ, ҒАЖАЙЫП ЖАУҒАР ДҮНИЕ!..

Биылғы желтоқсан өңірдің рухани өмірінде айрықша мәнге ие. Өйткені халқымыз аузынан тастамай айтып, өңірдің әнұранына айналған сол мәңгілік әуенге тура 60 жыл толады. Алпыс жыл – бір адамның тұмырындай. Осы аралықта ол егде тартқан жандардың жастық шаққа сағынышын оятатын, елден жырақ жүргендердің туған жерге аңсарын аударатын, барша өнерсүйер жұрттың жүректерін байланыстыратын алтын көпірге айналды.

Әннің әуенімен бірге көз алдына Жайықтың ай мен күнге шағылысып жылтырап аққан арнасы, түнгі самалмен сыбдырлаған қамысы, толқындардың бірін-бірі қуалаған тып-тыныш күйі келеді. Композитор, Қазақстанның Еңбек Ері, өнер зерттеушісі Илья Жаканов осы әннің дүниеге келу тарихын эссе-элегия түрінде терең толғаныспен қағазға түсірген еді. Бұл туынды – әннің ғана емес, тұтас бір дәуірдің, тұтас бір өңірдің рухани болмысын сипаттайтын шежіре. Эссе-элегияны оқырман назарына ұсыну арқылы біз, өткенге тағзым етіп, әнді болашаққа аманаттауды жөн көрдік...

Редакция
(Толығырақ 16-бетте)

